

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестер тізбесіне өзгеріс енгізу және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 4 қазандағы № 111 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 101 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 9-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесінің 50-позициясы алып тасталсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің шетелдік валютадағы шоттарына түскен ақшалай каражатты сату (сатып алу) көлемдері туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 4 қазандағы № 111 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович